

Асрандина С.Ш. Стевияны Қазақстанда интродукциялау және өнім алу технологиялары: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. - 148 б.

Монографияда стевия (*Stevia rebaudiana Bertoni*) өсімдігінің биологиялық қасиеттері және оның дүние жүзіндегі таралуы мен өндірісте қолданылуы туралы мәліметтер жан-жақты сипатталған. Сонымен қатар, биотехнологиялық әдістердің негізінде стевияның көбею коэффициентін арттырып, Қазақстанның оңтүстік аймағының климаттық жағдайына бейімделген жаңа линияларын алу, оларды өсімдік шаруашығына ендіру, стевия шикізатынан функционалдық мақсаттағы «Жаңа буын тағам өнімдерін» жасау және олардың ассортиментін кеңейту жолдары талданған. Осының негізінде болашақта негізгі тұтынушылардың сұраныстарына ие отандық тауарларды шығару және оларды коммерцияландыру мүмкіндіктері қарастырылған. Сондай-ақ, методологиялық тұрғыдан автордың ұжымдық және өзіндік зерттеу жұмыстары негізінде алынған ғылыми нәтижелері мен әдістерін практикада қолдану бойынша ұсыныстар берілген. Монография биотехнологиялық әдістердің негізінде құнды қасиеттерге ие өсімдіктерді интродукциялау және өнім алу технологияларымен айналысатын ғылыми қызметкерлерге, сондай-ақ оқытушыларға, ЖОО-да «Биология», «Биотехнология» және «Экология» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналған.